

«6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Конкабаева Назым Нурболатовнаның «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» атты диссертациясына ресми рецензенттің

П І К І Р І

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Орта ғасыр жазба ескерткіштері – түркі халықтарының өткен тарихы мен мәдениетінен, әдебиеті мен тілінен, тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымынан мәлімет алуға мүмкіндік беретін асыл мұрасы. Тілдің уақыт өткен сайын дамуы тамырының тереңдігімен де өлшенетіні белгілі. Талай ғасырлар тарихы мен сол әлемнің тілдік бейнесін бойына сақтаған, қазіргі түркі тілдерімен тамырластығын жоғалтпаған жазба ескерткіштерді зерттеп, қазіргі тілдермен туыстық дәрежесін анықтау – бүгінгі ұрпақтың еншісі. Халқымыздың өткен тарихын, тілін, мәдениетін білуде жазба мұралардың маңызы өте жоғары. Замандар бойы сақталып, бүгінгі күні халқымыздың асыл қазынасына айналған мұраларына биік баға берген еліміздің алғашқы президенті Н.Ә. Назарбаев: «...Осынау апайтөс даланы ежелден мекен етіп келе жатқан халқымыздың тарихи тамыры тым тереңде жатыр. Оның өзіндік терең танымы, қалыптасқан халықтық салт-дәстүрі, өркендеген зор мәдениеті бар. Беймәлімі көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі, тарихқа танымал Түрік қағанаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-ақ әлем алдындағы түрік өркениетін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білігі», Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі», Қожа Ахмет Йассауидің «Даналық кітабы», Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» секілді ұлы шығармалары, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбунасыр әл-Фарабидің бұған дейінгі біршама игерілген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей» – деп, бұл жәдігерліктердің жаңа заманның жеке тұлғасын тәрбиелеуге зор үлес қосатынына назар аударған еді. Орта ғасырдағы жазба ескерткіштер – сол дәуірдегі этикалық топтардың сөйлеген тілдері туралы ақпараттарды сақтап қалған бірден-бір тілдік материалдар. Сондықтан оларды жан-жақты зерттеудің нәтижесінде қазіргі түркі тілдерін, соның ішіндегі қазақ тілінің де тарихы туралы нақты мәліметтер ала алатынымыз сөзсіз.

Халқымыздың өткен тарихын, тілін, мәдениетін білуде, бұл мұралардың маңызы өте жоғары. Замандар бойы сақталып, бүгінгі күні халқымыздың асыл қазынасына айналған мұраларды халқымызға жеткізу мақсатында түркітану ғылымында қыруар еңбектер атқарылды. Осы еңбектер қатарын

Конкабаева Назым Нурболатқызының зерттеу нысаны етіп отырған, түпнұсқасы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында сақталған «ат-Тухфату-з- закийату фи-л-луғатит туркийати» ("التحفة الزكية في اللغة التركية") ескерткіші негізінде жазылған «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі толықтырып отыр.

Диссертациялық зерттеуге негізгі нысан болған «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасын араб тілінен диссертант өзі аударып, ортағасырлық ескерткіштің арабша-қыпшақша мәтінін толықтай зерттеп, ондағы тарихи, мәдени, лингвистикалық деректерге талдау жасаған. XV ғасырда араб тілінде жазылған «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасын түпнұсқада тікелей оқып аударып, аталмыш еңбек арқылы қыпшақ тілінің ортағасырдағы шынайы тілдік бейнесін ашып көрсеткен.

Н.Н. Конкабаева араб тілін жетік білетін, жазбаша-ауызша аудару дағдысын жетік меңгерген арабтанушы және түркітану саласында сапалы білім алған білікті маман екені ескерткіштегі тілдік бірліктерді мағыналық топтарға бөлуінен, қазіргі заманда өмір сүріп жатқан түркі халықтарының тілдерімен салыстыра отырып, этимологиялық-семантикалық тұрғыда жасаған талдауынан аңғаруға болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері түркітану ғылымында түркітану тарихы, тарихи лексикология, тарихи лексикографияның теориялық мәселелеріне дәлелді дәйектемелерімен үлес қоса алады. Зерттеу нәтижесінде диссертант «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасына жан-жақты сипаттама жасап, палеографиялық талдау жүргізген. Қолжазбадағы лексика мағыналық топтарға жіктеліп, қазіргі түркі тілдерімен тұңғыш рет салыстырылып зерттелді. Ескерткіштегі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдерінің элементтері тарихи тұрғыда дәлелденіп ажыратылды.

Қорғауға ұсынылып отырған «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» атты философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның өзектілігін мынадай себептермен де айқындауға болады:

1) «Ат-Тухфа» қолжазбасына «Ат-Тухфа» қолжазбасына түпнұсқа негізінде палеографиялық талдау жасалудың маңыздылығы;

2) Қолжазбадағы сөздер лексика-семантикалық топтарға жіктеліп, алғаш рет қазіргі түркі тілдерімен салыстырмалы талдау жасалудың, орта ғасыр тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелдердің ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделуі;

3) Ескерткіштегі «жылқы» және «ит» сөздерінің семантикасына танымдық талдау жасалынып, сөздіктегі этнографизмдердің қазіргі ғылыми жаңа парадигмалар негізінде дәйектелуі;

4) Алғаш рет ортағасырлық «ат-Тухфа» қолжазбасы негізінде арабша-қыпшақша сөздіктің транскрипциясы беріліп, сөздіктің қазақша аудармасы жасау арқылы түркілік лұғаттану ғылымының ғасырлар қойнауында жатқан практикалық маңызы мен тарихының көзін ашуы.

Осы қажеттіліктер Конкабаева Назым Нурболатовнаның «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» атты диссертациясы тақырыбының өзектілігін айқындайды.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертант зерттеу жұмысы барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

1) Диссертацияда «ат-Тухфа» қолжазбасының әлемдік түркітану ғылымындағы зерттелуінің ғылыми-теориялық корпусы жан-жақты талданылып, ортағасырлық ескерткішке палеографиялық талдау жасалынып, қолжазбаның құрылымы мен тілдік ерекшеліктері тарихи-салыстырмалы аспектіде арнайы қарастырған;

2) Қолжазбадағы лексикалық бірліктерге тарихи-лингвистикалық талдау жасап, ескерткіштің тіліне қатысты ғылыми тұжырымдар ұсынған;

3) Ескерткіштегі сан жағынан көп кездесетін лексикалық бірліктер «жылқы» мен «ит» атауларына танымдық-лингвистикалық талдау жасалынған. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында дерлік сақталған «ит» және «жылқы» атауларында халықтың ұлттық танымы, дүниеге көзқарасы, мәдениеті мен салт-санасы көрінісі тілдік фактілермен дәйектелген:

4) «Ат-Тухфа» арабша-қыпшақша сөздігінде кездесетін түркі тілдеріне ортақ этнографизмдер халықтың тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси тағдырынан, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен, наным-сенімдерінен, табиғат пен қоғамды түсініп, қабылдауымен тікелей байланысты тілдік бірліктер екендігі сараланған.

Қорғауға ұсынылып отырған нәтижелердің мазмұны мен мәні жағынан ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптар үдерісінен шығатындығы даусыз.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Диссертацияның теориялық тұжырымдары түркітану ғылымындағы, оның ішінде салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздері, түркі лексикографиясы, лингвистикалық мәдениеттану, этнолингвистика салаларындағы озық зерттеулер мен пайымдауларға сүйене отырып жасалған. Диссертацияның теориялық бөлімінде әлемдік түркітанудағы «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішінің зерттелуіне тоқталып, оларға ғылыми дәйектемелер берген. Аталған негіздемелер Қазақстан ғылымда шығыстану, түркітану, қыпшақтану ғылыми зерттеу жұмыстарында байырғы этностардың ақпараттық қорын құрастыруда, этномәдени және лингвистикалық қатынастарды анықтауда осы салалардың теориялық негіздерін айқындауда және одан әрі дамытуға септігін тигізері сөзсіз. Диссертацияның бөлімдері мен тараушаларында талданылған ғылыми тұжырымдардың мазмұны жан-жақты дәйектелген. Аталмыш тұжырымдар әлемдік түркітану саласын

қазіргі жаңа антропоцентристік парадигмада зерттеуге мүмкіндік береді. Диссертацияның қорытындысы, ғылыми түйіндері мен тұжырымдары тиянақты дәлелденген.

Түркітану тарихы, тарихи лексикология, тарихи лексикографияның теориялық мәселелеріне дәлелді дәйектемелерімен үлес қоса алатын, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, танымдық лингвистика ғылымдарының деректері мен әдіс-тәсілдерін деректанулық, палеографиялық талдау, тарихи-салыстырмалы, лингводерекнама әдістері мен өңдеу, сипаттау, сұрыптау, реттеу, аудару кешенді тәсілдері негізінде жұмысты жаңа сапалық деңгейге көтеру мақсатында зерттеудің **бірінші тұжырымы** дәйектелген.

Диссертант «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасының тарихы мен құрылымына жүйелі сипаттама берген, қолжазбаның әлемдік түркітану тарапынан зерттелу дәрежесіне, қолжазбаның аудармаларына, қолжазбаның құрылымына толыққанды шолу жасап, палеографиялық сипаттама жасаған (диссертацияның 6-47 беттері).

Н.Н.Конкабаева «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасының аудармаларымен емес, қолжазбаның түпнұсқасының факсимелесімен тікелей жұмыс істеп, ескерткіштің жазылған уақыты мен жерін анықтаған. Тарих қойнауында бірнеше ғасыр бойы сақталып, бабалардан мұра ретінде ұрпағына жеткен қолжазбаны оқу оңай емес. Әр адамның өзіне тән жазу әдісі болатынын, қағаздың уақыт өткен сайын көнеріп, сияның өше беретіні, ортағасырлық ғылыми стильдің қазіргі заманнан ерекшеленетіні белгілі. Диссертант алдына қойған мақсатына жетіп, ескерткішті арабшадан аударып, қолжазба мәтінінен қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән тілдік бірліктерді бір-бірінен ажыратып, тарихи фактілермен дәлелдеуі еңбектің жаңашылдығына айғақ бола алады.

Екінші тұжырымның негізделуі мен шынайылығы «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийяға» тарихи-семантикалық интерпретация жасауымен, яғни қолжазбадағы лексемалардың тарихи-тілдік интерпретациясы және сөздіктегі «жылқы» мен «ит»-ке қатысты сөздерге танымдық-лингвистикалық талдау негізінде қол жеткізілген (диссертацияның 47-94 беттері).

Ат-Тухфа қолжазбасы ортағасыр, яғни XV ғасырда жазылған қыпшақ тілін үйренуге арналған еңбек. Диссертант қолжазбада берілген мәтінге интерпретация жасау негізінде төмендегідей ғылыми мағлұматтарға қол жеткізген: қыпшақ тілі өз заманына кең танымал, қолданыста болған; түрікмен тілінің қыпшақ тілімен аралас тіл ретінде қолданылған; аймақтық тілдік айырмашылық, яғни дыбыстардың кейде қатаң немесе ұяң болғандығын тілдік фактілермен дәлелдеу; қолжазбаның тек араб тілін үйренуге ғана емес, сонымен қатар араб тілі мен қыпшақ тілдер арасындағы айырмашылықтарды дәйектеу үшін, тілдік, лексикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар грамматикалық деңгейіне ғылыми көзқарастың болуымен,

қыпшақ халқына тән ұлттық құндылықты ерекше атап көрсетуді «Ат-Тухфа» авторы өзіне мақсат етіп қойған.

Үшінші тұжырым қолжазбада кездескен этнографизмдердің лингвистикалық интерпретациясы негізінде дәйектелген (диссертацияның 98-126 беттері). Сөздікте түзілген түркі тіліндегі зергерлік, қару-жарақ, музыкалық аспап, киім-кешекке қатысты атаулардың этно-мәдени сипатына баға беріп, оларды қазіргі түркі тілдеріндегі баламаларымен салыстырған. Туыстық атауларды білдіретін сөздерді де сөздіктегі нұсқасымен қазіргі түркі тілдеріндегі нұсқаларын салыстырып түсіндірген. Тақырыпқа сай алынған ортағасырлық сөздердің әрқайсысының қазіргі түркі тілдерінде қаншалықты өзгерісті/өзгеріссіз сақталғанын анықтаған. Диссертант «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» қолжазбасындағы тілдік бірліктердің қазіргі түркі тілдерінде қаншалықты сақталғанын анықтау мақсатында қазіргі кезде бар 16 түркі тілінің екі тілді сөздіктерін ұтымды пайдаланған. Диссертанттың зерттеу нәтижелері диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне сай. Ортағасырлық бұл қолжазбаны да, диссертанттың қорғауға ұсынып отырған зерттеу жұмысын да ғылыми айналымға енгізуге болады.

Төртінші тұжырымның негізделуі мен шынайылығы диссертанттың арабша-қыпшақша-қазақша сөздіктің түзуімен, лұғатты жасау принципін дұрыс анықтауымен, қолжазбаның емлелік тұстарына да ерекше көңіл бөліп, орфографиялық тұрғыдан кеткен қателерді де дұрыс көрсетіп, лұғатқа сын көзбен қарауымен ерекшеленеді (диссертацияның А Қосымшасы «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық»).

Ғылыми нәтижелерінің шынайылығы зерттеу нысанына сай дұрыс таңдап алынған ғылыми әдіс-тәсілдерімен, теориялық еңбектермен, мемлекеттік құжаттармен расталады. Қазақстан түркітану ғылымындағы жаңаша зерттеу парадигмалар негізінде қарастырған Н.Н. Конкабаеваның диссертациясы түркітанудың тарихи лексикология және тарихи лұғаттану теориясының дамуына, ғылымның эмпирикалық базасының кеңеюіне ықпал ететіні сөзсіз. Зерттеудегі нәтижелер мен тұжырымдардың негізделуі мен шынайылық дәрежесі талапқа сай.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағида) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі.

Жоғарыда көрсетілген ғылыми нәтижелер ізденушінің өзіндік жаңалықтары деп пайымдауымызға болады. XV ғасыр туындысы болып саналатын «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-туркийя» ескерткіші тіліне тарихи және жаңаша ғылыми лингвистикалық бағыттар негізінде жасалған талдау түркітанудың тарихи лексикологиясы саласын кешенді зерттеуге болашақта мол мүмкіндіктері береді деп ойлаймыз.

Диссертанттың **бірінші тұжырымы** Түркияда сақталынған «Ат-Тухфа» түпнұсқасымен алғаш рет жұмыс істеп, қолжазбаға жан-жақты сипаттама жасап, палеографиялық талдау жүргізуі, қолжазбаның зерттелу тарихы мен құрылымына жүйелі сипаттама беруі мен оның жазылуы мерзімі не тіліне

ғылыми өз дәйектемесін беруі зерттеушінің өзіндік жаңалығы болып табылады.

«Ат-Тухфа» ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты дәйектелген, фактілермен дәлелденіп, талданылған өз заманында қыпшақ тілі араб халқы үшін жоғарғы билеуші тап өкілдерімен қатынас құралы болғандығын дәлелдейтін, қыпшақ тілінің Еуразия даласындағы халықаралық мәртебесін нақтылай түсетін, арабтарға қыпшақ тілін үйрету мақсатында жазылған оқулық және қостілді сөздік екендігі дәйектелген **екінші тұжырымның** ғылыми деңгейі жоғары екені даусыз.

Түркі тілдерінің бай сөздік қорының нәтижесі болып табылатын, қолжазбадағы қыпшақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігінде ерекше орын алған «жылқы» және «ит» атауларының сандық көрсеткішінің тарихи негіздері халықтың болмысымен тікелей байланысты «мәдени кодтарды» жеткізуші, ұлттық сана-сезімді өз бойына сақтаушы тілдік феномендігінің дәлелі ізденушінің **үшінші тұжырымының** негізгі өзегі болып табылады.

Диссертацияның А Қосымшасында түзілген «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық» деп аталатын арабша-қыпшақша-қазақша сөздіктің құрастырылып, леммалардың ғылыми принциппен берілуі, диссертанттың қолжазба емлесін өте тиянақты оқып, орфографиялық тұрғыдан кеткен қателерді де дұрыс көрсетіп, лұғатқа сын көзбен баға берген **төртінші тұжырым** Н.Н. Конкабаеваның ғылыми жаңалығының ерекше қатарына қосуға болады. «Ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздік бөлімі «Арабша-қыпшақша-қазақша сөздік («Ат-Тухфа аз-закийя фи луғати-т-туркийя») (XV ғ.) қолжазбасының лексикасы») атаумен сөздік болып құрастырылып, жарық көргенін ерекше атап өткім келеді.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Диссертант ұсынып отырған нәтижелердің ішкі бірлігі зерттеу жұмысының алға қойған мақсат-міндеттерін жүйелі әрі сабақтасқан тұрғыда орындалуына орай бірін-бірі толықтырып, тақырыпты ашуға септігін тигізіп тұр деуге болады. Алынған нәтижелерде іштей бірлік бар. Тарау мен тараушаның, тақырып пен тақырыпшалардың арасында логикалық және диалектикалық үздіксіз байланыс пен бірлік сақталған. Диссертацияның теориялық тұжырымдары мен оның материалдарының практикалық тұрғыдан талданылуында ғылыми бірізділік сақталған.

6. Ізденушілердің қол жеткізген нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталуы.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын жоғары оқу орындарында салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздерін оқытуда, оқу құралдарын құрастыру барысында, сонымен қатар жалпы тіл білімі, түркі тілдерінің тарихы мен мәдениеті бойынша арнайы курстар оқу және мәдени деректерді қажет ететін сөздіктер құрастыруда қолдануға болады. Қолжазба материалының негізінде

түзілген арабша-қыпшақша сөздікті түркітану мамандығының арнайы курстарында қосымша оқу құралы ретінде қолдануға болады.

7. Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелері мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.

Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша 12 ғылыми еңбек жарияланған. Оның ішінде Скопус (Scopus) базасында 1 мақала, Республикалық және халықаралық конференциялар жинағында 8 мақала, ҚР БҒМ бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 3 мақала жарық көрген.

8. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Н.Н. Конкабаеваның «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын бағалай келе, төмендегідей ескертпелерді айтамыз:

1) Докторант қолжазбамен орасан зор жұмыс жасаған. Луғаттағы лексикалық бірліктер негізінен қазақ тілімен салыстырылған. Қыпшақ ескерткіші болып табылатын «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткіші тіліндегі лексемаларды әлемдегі 30-дан астам түркі тілдерімен салыстыру, әрине, мүмкін емес. Алайда талданынылып отырған сөздерге қыпшақ тобындағы тілдермен салыстырмалы-тарихи талдау жасалынса, сонымен қатар қазақ тілінің диалектілер сөздігіндегі мағыналары да салыстырылып талданылса, зерттеудің құндылығы арта түсер еді. Біріншіден, қыпшақ тобындағы тілдердің ортақ лексемалар қорын жинауға, екіншіден қандай лексикалық бірліктердің мағыналарының сақталғаны немесе мағына тарылуы мен кеңеюі секілді тарихи үрдістерге ғылыми баға беруге жаңа мүмкіндіктер ашылар еді.

2) Диссертант «ит» семасына байланысты фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сонымен қатар ол сөздің денотивті немесе коннотивті мәнін ашарда өзге түркі тілдеріндегі нұсқаларын да салыстырып бергенде зерттеу жұмысының сапасы артар еді. Бұл ескерту жылқыға қатысты элементтерге де қатысты. Жылқыға қатысты «Китаб әл-Дуррамен» ғана салыстырылған. Жылқыға қатысты фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, сонымен қатар ол сөздің денотивті немесе коннотивті мәні көрсетілсе жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

3) Диссертацияда талданылып отырған лексикалық бірліктер латын әрпімен берілген, ал зерттеудің соңында берілген Қосымша А «Түркі тіліндегі бағалы сыйлық» сөздігі кирилицамен берілген. Диссертация материалы мен сөздіктің графикалық нұсқасы бірізді берілсе, еңбектің құндылығы мен эстетикалық жағы арта түсер еді.

Алайда бұл талап-тілектер диссертацияның мазұны мен оның ғылыми-теориялық және практикалық құндылығына, тақырыптың өзектілігіне еш нұқсан келтірмейді.

9. Диссертацияның «Дәрежелер беру қағидаларының» қойылған талаптарға сай келуі.

Конкабаева Назым Нурболатовнаның диссертациялық жұмысының зерттеу тақырыбы толық ашылған, алға қойған мақсатына жеткен.

Конкабаева Назым Нурболатовнаның Нурболатовнаның «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясын түркітану ғылымына, соның ішінде лингвистикалық деректануға қосылған ғылыми-теориялық еңбек деп бағалаймын, оның авторы «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға әбден лайық.

Ресми рецензент:

ҚР БҒМ ҒК Р.Б. Сүлейменов атындағы

Шығыстану институты

профессор, филол.ғ.докторы

15.06.2020



A. dly

Ә.Б.Дербісәлі

